

егемен
Алғарасат

Қазақстан дипломатиясы және жаһандану кезеңі

Елбасы өзінің сөзін осыдан үш жыл бұрын да осындай кеңейтілген алқа отырысына қатысқанын еске алудан бастады. Содан бергі аралықта әлемде көптеген өзгерістер болып жатыр, деп жалғастырды өзінің сөзін Президент. Дүниежүзілік аренадағы Қазақстанның жасаған істерінің ауқымы артып, дәрежесі өсе түсude. Бірақ бүгінгі күні әлемде шешімін таппай қордаланып қалған мәселелер аз болмай тұр. Қазақстан жаһандану жағдайындағы әлемдік қоғамдастықтың бір мүшесі ретінде мұндай үдерістерден шет қала алмайды. Осындай жағдайдың өзінде біз серпінді даму үстіндегі экономикалық база құра алған және халықаралық қоғамдастықта берік ұстанымы бар мемлекет ретінде басқа түскен қындықтарды еңсерे аламыз ғой деп ойлаймын. Өніріміздің қазіргі күрделі геосаяси жағдайына қарамастан, Қазақстанның сыртқы саясаты ұлттық мұдделеріміздің қорғау тұрғысында өзінің өміршендігін және тиімділігін дәлелдеп отыр. Ел экономикасының тұрақты дамуының арқасында өткен жылдарда құрылған тұрақтандыру қоры қазіргі ауыр жағдайдан қиналмай шығуымызға мол мүмкіншілік бермек. Сол қордың арқасында еліміздің экономикасын тұрақтандырып, қоғамдық өмірді демократияландыру жөніндегі шараларды жүзеге асырып жатырмыз.

Алайда, мұндай жетістіктерге тоқмейілсуге болмайды, деп жалғастырды сөзін Қазақстан басшысы. Елімізді дамыған елдер қатарына жеткізу жолында алда әлі де атқарылуға тиісті үлкен міндеттер тұр. Оларды іске асыру үшін талай сын кезеңдерден өтуге тұра келеді және сапалы нәтижеге қол жеткізу – Сыртқы істер министрлігі қызметкерлері мен Қазақстанның шетелдердегі елшіліктерінің бірлесіп атқарған білікті жұмыстарына да байланысты.

Елбасы келесі кезекте қазіргі әлемдік дағдарыстың кейбір қырларын атап өтті. Бұл дағдарыстың өзі жүйелі экономикалық рецессияға айналып барады. Әлемдік сарапшылар мұндай дағдарыстың соңғы 100 жылда болмағанын айтады. Көптеген елдер қазір өздерін өздері азық-түлік және қуат көздерімен қамтамасыз ете алмауда. Осының өзі қалтаңа қарай көсіл деген қағидатты орындаудың неге соқтыратынын көрсетіп берді. Сонымен қатар дағдарыс әлемдік экономиканы дамыту жолында жаңа үлгілерге ауысу қажеттігін айфактап отыр. Енді бұрынғыдай біреудің есебінен баюға болмайды. Дағдарыс үнемі жеңілдің асты, ауырдың үстімен өте беруге болады деп ойлады, ашықтан-ашық алыпсатарлықпен ғана айналысып, көкіректерін көкке керіп жүргендерді бір-ақ сәтте нақты жағдайға көктен жұлып түсірді. Мұндайлар біздің елде де аз емес екен. Қаржы

дағдарысының келеңсіз сыйын біз де арқамызбен сезінудеміз. Осылай дей келіп Нұрсұлтан Әбішұлы Үкіметтің Тұрақтандыру қорын қолдану арқылы жасап жатқан бірқатар шараларын атап өтті. Үкіметтің жасап жатқан шаралары елдің әлеуметтік-економикалық дамуын қамтамасыз етуде, сонымен қатар, сыртқы шекарамыздың өнебойында ұлттық қауіпсіздікке қатты көңіл бөлуіміз, ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етуіміз керек. Жалпы айтқанда, Ұлттық қордан бөлінетін қаражат негізінен төрт бағытта жұмсалады:

1. Елдің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге;
2. Тұргын үй құрылышын қолдауға;
3. Шағын және орта бизнесті дамытуға;
4. Елдің индустриялық-инновациялық дамуын жалғастыруға.

Қордан бөлінген әрбір тенге қазір осы бағыттарда ғана жұмсалуда.

Осыдан әрі Елбасы сыртқы саясат ведомствосының алдында тұрған жаңа міндеттерге тоқталып, СІМ-ге жаңа жылдың алғашқы жартысында елдің сыртқы саясаты тұжырымдамасының жаңа редакциясын жасауды тапсыратынын айтты. Жаңа тұжырымдамада Қазақстанның халықаралық аренадағы субъектілігінің маңызы арта түскені айқын көрініп тұруы керек. Сонымен бірге қазіргі әлемдік жағдайға терең сарап жасалуы, аса маңызды әлемдік проблемаларға деген біздің ұстаныммыздың айқын көрініс табуы қажет. Осылай деген Нұрсұлтан Әбішұлы аса маңызды әріптестер мен аймақтарға байланысты Қазақстанның қатынасы қандай болуы керектігіне шолу жасап өтті. Ресей біздің сенімді одақтасымыз және экономикалық әріптесіміз болып қала береді. Жаһандық оқиғалардың орталығына айналып бара жатқан Қытай – Қазақстанның стратегиялық әріптесі. Бұл елге қатысты біз өмірдің барлық саласы бойынша екіжақты тиімді байланыстарды, жиілеген үнқатысуларды терендете түсу саясатын жалғастыра түсеміз.

АҚШ-тың жаңадан сайланған президенті Барак Обамамен мен кеше телефон арқылы сөйлестім. Эрине, біздің еліміз Вашингтонның жаңа әкімшілігімен екіжақты тиімді, қалыпты қарым-қатынас орнатуға мүдделі. Б.Обамамен болған әңгімеде біз екіжақты қарым-қатынасты, сондай-ақ аймақтағы қауіпсіздік, Иран, Ирак, Ауғанстан, Орталық Азия, Ресей елдерімен қарым-қатынастар туралы әңгімелестік. Обама мырза Қазақстан АҚШ-тың досы болып қала беретінін атап өтті. Өз сөзінде ол жаппай қарусыздану, ядролық қаруларды таратпау салаларындағы ынтымақтастықтарды, терроризмге қарсы әрекеттерге қатысуымызды жоғары бағалайтынын жеткізе келіп,

өзінің екіжақты ынтымақтастықты тереңдете түсуге қатты көніл бөлетінін және Қазақстанға ресми сапармен келуге тырысатынын айтты. Мен мұны жақсы ырым деп бағалаймын, министрлік пен елшілік қызметкерлері АҚШ әкімшілігінің жаңа аппаратымен осы бағыттағы жұмысты дамыту керек деп есептеймін.

Одан әрі Елбасы Орталық Азия, Еуро-одақ елдерімен де қарым-қатынастың Қазақстанның сыртқы саясаты үшін басым бағыттар болып қала беретінін айтты. Тату көршілік қағидатын басшылыққа ала отырып, біз көрші елдермен арадағы нақты прагматизмге негізделген аймақтық интеграциялану үдерісін жалғастыра түсеміз. Біз күшімізді біріктіргенде ғана замананың сүбелі сындарына қарсы тұра алатын боламыз. Еуроодақ елдерімен Қазақстанның қазіргі сауда айналымы 25 млрд. АҚШ доллары көлеміне жетіп отыр. Бірақ бұл әлі жоғарғы шек емес, бұл сан әлі де өсе түсіу керек. Мен тамыз айында бекіткен “Еуропаға жол” атты бағдарламаны іске асыру барысында оның өсе түсері анық. Біз өзіміздің энергия ресурстарымыздың есебінен Еуропадан жоғары технологиялық, инновациялық жабдықтар алуға мүдделіміз.

Одан әрі Елбасы Қазақстанның Ислам әлемінің бір бөлшегі ретінде мұсылман елдерімен, соның ішінде Парсы шығанағындағы мемлекеттермен қарым-қатынасының тереңдей түсетінін атап көрсетті. Жапония мен Үндістан сияқты, сонымен бірге, Таяу Шығыс пен Орта Шығыс аймақтарының, Латын Америкасындағы салмақты елдермен де тығыз қарым-қатынас орнатудың маңыздылығына тоқталды. Осы орайда, келесі жылдың басында өзінің Үндістанға баратын сапарын жақсылап ұйымдастыруды, сол сапардың жаңа қарым-қатынасқа ерекше серпін беруі керектігін айрықша ескертті.

Сөзінің соңында Н.Назарбаев сыртқы саясат ведомствоны басқа мемлекеттік органдармен бірлесе отырып келесі маңызды бағыттарда жұмыс істеуі керектігін айтты:

1. Еліміздің сыртқы шекарасының белдеуі бойынша қауіпсіздікті, тату көршілікті бекіте түсу;
2. Әлемдік қаржы дағдарысының жағдайында елдің экономикалық дамуына барынша қолдау жасау;
3. Еуразиялық, орталықазиялық интеграцияның тереңдей түсүіне ықпал ету;
4. Елдің халықаралық ұйымдарға төрағалық етуін жоғары денгейде қамтамасыз ету;
5. Конфессияаралық ұнқатысулар бағытындағы жұмыстарды жалғастыра беру, соның ішінде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Астана қаласында өтетін III съезін лайықты ұйымдастыру.

Елбасының сөзінен кейін Сыртқы істер министрі Марат Тәжин сөйлеп, елдің сыртқы саяси бағытына кеңейтілген шолу жасады. Сонымен бірге, Елбасының алға қойып отырған міндеттерін министрлік қызметкерлерінің орындаитынына сенім білдірді.

Кеңейтілген алқа отырысына еліміздің дипломатиялық өкілдіктерінің басшылары, орталық атқарушы органдар жетекшілері, Парламент депутаттары, БАҚ өкілдері қатысты.

Авторы: Жақсыбай Самрат.